


Л 2007
3310 к




ҚАЗАК БАЛУАНДАРЫ

2

Грек-рим күресі

БАЛУАН ТУҒАН ӨҢІРЛЕР!



СПОРТ САҢЛАҚТАРЫ

ҚАЗАҚ БАЛУАНДАРЫ

ТАРИХИ-ДЕРЕКТІ БАСЫЛЫМ

II том

Грек-рим күресі



«Ер-Дәулет»
Астана – 2006

976.82(574)
ББК 75. 715 (Қаз)
Қ 17

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ
ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
АҚПАРАТ ЖӘНЕ МҰРАҒАТ КОМИТЕТІНІҢ
БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРЫЛДЫ

Балуандар тарихын жүйелеп, баспаға әзірлеген
Қыдырбек Рысбекұлы

Жауапты редакторы
Төлеген Жәкітайұлы

Қ 17 **Қазақ балуандары: Тарихи-деректі басылым. 6 томдық.** –
Астана: Ер-Дәулет, 2006. – 472 бет + 16 бет жапсырма. – Спорт
саңақтары. 2-том. Грек-рим күресі / Құрастырған Қ. Рысбекұлы.

ISBN 9965-436-33-9

«Қазақ балуандары» кітабының II томына грек-рим күресінен
халқымыздың ең таңдаулы 24 балуаны туралы деректі дүниелер еніп
отыр.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

К $\frac{4204000000}{00(05)-06}$ – 04


ББК 75. 715 (Қаз)

ISBN 9965-436-33-9 - (Т 2)

© «Ер-Дәулет», 1996.

ISBN 9965-436-32-0

© «Ер-Дәулет», 2006.



**Дәулет
ТҰРЛЫҚАНОВ**

*Бүкілдүниежүзілік күрес
ассоциациясының бюро
мүшесі, Қазақстан және
Қырғыз Республикаларының
еңбек сіңірген
жаттықтырушысы,
педагогика ғылымдарының
кандидаты, профессор.*



ҰЛТ ТАРИХЫНЫҢ БІР САЛАСЫ

Қазіргі заманда спорт саласын адамзаттың өсіп-өркендеу жолынан, күнделікті тыныс-тіршілігінен бөліп қарау мүмкін емес. Себебі, экономикасы қарыштап алға басқан елдердің қайсысына барсаңыз да үлкенді-кішілі спорт ғимараттары мен денешынықтыру, сауықтыру орталықтарын, арнайы спорттық оқу орындарын көптеп көресіз. Орта және жоғары оқу орындарын спорт залы мен ойын алаңдарынсыз көзге елестету мүмкін болмай қалды. Ақпарат саласында да спорттың орны ерекше болып отыр. Спорт саласының ғылыммен байланысы күн санап күшейіп келеді. Олимпиада ойындарына 200 мемлекет спортшыларының қатысуы, әлемдік футбол чемпионаттарын бір мезгілде бірнеше миллиард адамның тамашалауы жоғарыдағы сөзімізге нақты дәлел болады.

Бүкіл дүние жүзі жабылып ден қойған спорттың іргелі бір саласы – күрес. Біздің халық ерекше құрмет тұтатын балуандық

өнерде күш атасы Қажымұқан бастаған небір марқасқаларымыз бар. Қажымұқан, Балуан Шолақ, Иманжүсіп, Боранқұл, Молдабай, Қайдар, Битабар аталарымыздың жеңісті жолын жалғастырған ХХ ғасырдағы атақты балуандарымызды атап өтейікші: Жақсылық Үшкемпіров, Валерий Резанцев, Анатолий Колесов, Шәміл Серіков, Владимир Бакулин, Анатолий Назаренко, Анатолий Быков, Дәулет Тұрлықанов, Бақтияр Байсейітов, Юрий Мельниченко, Мхкитар Манукян... Бұл азаматтардың бәрі – Олимпиада, әлем чемпиондары, Қазақстанның даңқын әлем жұртшылығы алдында сан мәрте көтерген құрыш білек балуандар. Осы саңлақтарды баптаған жаттықтырушылардың еңбегіне жеке кітап арнаса, жарасар еді. Бапкер кешкен бейнетті, бапкер тартқан тауқыметті екінің бірі көтере алмайды.

Жоғарыдағы саңлақтардың ізін басқан Руслан Жұмабеков, Есенкелді Батырғарин, Жоламан Дәуренбеков, Сергей Матвиенко, Ермек Көкетов, Нұрлан Қойжайғанов, Марғұлан Әсембеков, Нұрбақыт Теңізбаев, Роман Мелешин секілді балуандарымыз да талай айтулы додада ел намысын қорғады. Осы жігіттердің ішінде қазақ жұрты үміт артып отырған балуандар бар. Бұл жігіттерді баптаған бапкерлердің еңбегіне еріксіз риза боласыз.

Қазақ елінің қиыр-қиырындағы бапкерлердің жанкешті еңбегімен, күрес құмар балалардың талабымен, жігер-күшімен күрес тарихымыз қалыптасып жатыр. Сіздерге жол тартып отырған осы кітапқа Қазақстанның ең таңдаулы грек-рим күресі балуандарының ел намысын ту еткен биік белестері, намыс үшін, жеңіс үшін тер төккен сәттері арқау болып отыр. Заманында жарқырай көрінген талай дүние уақыт өте көмескі тартып, өткеннің ениісінде қалуы – заңды құбылыс. Олай болса, балуандар тарихын бір жүйеге түсіріп, еңбегі елеулі саңлақтардың тарихын, дерегін ерінбей-жалықпай жинап жүрген жігіттерге табыс тілеймін. Біздің баспагер, журналист бауырлар «Қазақ балуандарының» алты томдық жинағын шығаруға бел буган екен. «Іске сәт!» – дейміз.



Қажымұқан МҰҢАЙТПАСҰЛЫ

*Грек-рим күресі
мен еркін күрестен
дүниежүзінің бірнеше
дүркін чемпионы,
“Қазақ даласының
батыры”.*



Жанболат ӘЛИХАНҰЛЫ

ҚАЖЫМҰҚАН

Қажымұқан және үш бала. Газетіміздің 80 жылдығында шыққан арнаулы нөмірінде /17. XII. 1999 ж./ біз «Қарашаңырақтағы қария» деген мақала жариялаған едік. Онда: еңбек жолын «Социалистік Қазақстаннан» /қазіргі «Егемен Қазақстан»/ бастап, осы жерден зейнет демалысына шыққан санаулы-ақ адам бар.



Солардың бірі белгілі журналист һәм аудармашы Хайдар Баймұхамедов ағамыз. Хайдекеңнің басқалардан бір айырмашылығы: ол – өзі еңбек еткен «Егемен Қазақстанмен» егіз қозыдай құрдастығы. Газетіміздің алғашқы нөмірі 1919 жылғы 17 желтоқсанда жарық көрсе, ағамыз 19 желтоқсанда өмірге келген», - деген сөйлемдер бар.

Бір редакцияда табан аудармай қырық жылдан астам уақыт жұмыс істеген сол Хайдекең газеттің 80 жылдығы қарсаңында бізге көп көмек көрсетті. Арнаулы нөмірге қажетті көне суреттердің барлығын дерлік осы кісіден таптық. Фотоларды іріктеп жатқанымызда солардың ішіндегі алып денелі ақсақалмен түскен үш баланың бейнесі назарымызды ерекше аударған.

– Мынау тұрған Қажымұқан, – деді Хайдекең.
– Ал мына пионер галстугын таққан менмін.

– Бұл суретке қалай түсіп жүрсіз?

– Отызыншы жылдары Алматыдағы №12 қазақ орта мектебінде оқыдым, – деді ағамыз есіне әлденені түсіргендей болып. – Бұл Қазақстанның түкпір-түкпірінен жиналған өңкей панасыз балаларды қанатының астына алған білім ұясы еді. Ашаршылық кезінде ата-аналарынан айырылған жетімектер осы мектептің жанындағы интернатта жатып оқитын. Мен де солардың бірі едім. Сол кезде қызығып, бас көтермей оқитын газетім «Октябрь балалары» болды. Келе-келе осы басылымға мектептегі пионер


ұйымының өмірі туралы хабарлар жазып тұруға дағдыландым. Ақырында газеттің штаттан тыс тілшісі болдым.



1938 жылы тоғызыншы класты бітірдім. Газет басшылары: «Жазғы каникулда бос жүрме», – деп ақыл айтып, редакцияның спорт бөліміне үйренуші шәкірт етіп жұмысқа алды. Ал 1939 жылы уақытша осы бөлімнің меңгерушісі етіп қойды.

1940 жылдың тамыз айында: «Алматыға есімі елге мәлім атақты Қажымұқан балуан келіпті», – деген хабарды естідік. Мұны білген соң ол кісіні әдейі іздеп барып сәлем беруге, содан соң редакцияға шақыруға ұйғарым жасадық. Қажекең Алматының Бөгенбай көшесіндегі (бұрынғы Киров) «Делегаттар үйі» деп аталатын мейманханада тұрып жатыр екен. Біз атамыздан балалар газеті редакциясына келуді өтіндік. Ол кісі тілегімізді қабыл алып: «Ертең сағат 10-да барайын. Бірақ өздерің келіп, ертіп апарарсыңдар», – деді.

Келіскен уәделі мерзімде Қажекеңді қонақұйден алып шықтық. Күн ыстық болатын. Балуан атамыздың үстінде қоңыр матадан тігілген кең көйлегі бар еді. Көшеде сол киімінің етегін сыртқа жіберіп, кемедей болып келе жатты. Қажекеңді ертіп Ленин мен Горький көшелерінің мүйісіндегі редакция ауласына кіргенімізде «Ленинші жас» пен «Октябрь балалары» редакцияларының қызметкерлері ақсақалды түгел сыртқа шығып, құрметпен қарсы



Күш атасы



алды. Амандық сұрасып, жас журналистермен танысқаннан соң құрметті қонағымыз алдын-ала әзірленген үлкен бөлмеге келіп кірді.

Ол сөзге тым сараң кісі екен. Өз еркімен шешіліп ештеңе айта қоймады. Тек журналистердің кезекпен қойған сауалдарына өмірінің елеулі бір сәттерінен ғана естелі қайтып, байыппен баяндап отырды. Сол жылы Қажекеңмен бірге редакция қызметкерлері Жұмаш Қонақбаев, Бәткен Сағындықов және мен суретке түстік. Ол суретті іле-шала осы кездесу сәтінде жазған очеркпен бірге газетімізге жарияладық.

– Кейін сіздің Қажекеңмен тағы да кездесуіңіздің сәті түсті ме?


– Иә. Ұлы Отан соғысы кезінде мен «Социалистік Қазақстан» газетінің Оңтүстік Қазақстан облысындағы меншікті тілшісі болып жұмыс істедім. Сонда Қажекеңмен жиі жүздесіп жүрдім. Ол кісі осы облыстағы Арыс ауданының Шұбар селосында тұрушы еді. Бір күні мені іздеп Қажекеңнің өзі келді. Өтініші – облыс басшыларына жолығу екен. Оларға айтпақ ойы – шағын бригада құрып, ауыл-ауылды аралап, ойын көрсету болып шықты. Мен балуанды сол кездегі облыстық партия комитетінің үгіт-насихат мәселелері жөніндегі хатшысы С. Ғалиевқа ертіп апарып, таныстырдым. Ол кісі бұл іс жөнінде облыстық партия комитетінің бірінші хатшысы Ғ.Пазиковпен, облыстық атқару комитетінің төрағасы С. Дәуленовпен келісіп, қорытындысын айтпақшы, болды. Сөйтіп ақырында бастама



түбегейлі шешілді. Қажекеңнің басшылығымен бригада құрылды. Оның құрамына жергілікті ақын Омарбай Малқаров, халық ақыны Орынбай кірді. Ақырында Қажекең сол бригадамен 100 мың сомдай қаржы жинап, өзінің атынан ұшақ жасату үшін ақшаны банкіге өткізді де, бас қолбасшы Сталинге хат жолдады. Кейін әскери ұшақ жасалып, ол қазақ ұшқышы Қажытай Шалабаевқа тапсырылды.

* * *

Мінәйім, Мінәй әже. 1977 жылдың тамыз айы. «Лениншіл жас» газетінде үлкен бір датаға қызу әзірлік жүріп жатты. Ол – заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің туғанына 80 жыл толу мерекесі еді. Бұл оқиғаны басқа басылымдарға ұқсатпай қайтіп, қалай беру керек? Міне, осы ойды жүзеге асыру үшін газеттің шығармашылық ұжымы жаңа бір идеяны ойлап тапты да, соған ынты-шынтымен беріле кірісіп кетті. Ол – ұлы жазушының «Өскен өркен» романын жазар алдындағы Оңтүстік өлкесіне жасаған сапарының ізімен жүріп өту еді. Маршрут Мұхаңның 1959 жылғы 13 қыркүйек пен 11 қазан аралығындағы Шымкент – Темірлан – Шаян – Созақ – Кентау – Түркістан – Шәуілдір – Шымкент бағытына негізделді. Жолсапарға осы жолдардың авторы баратын болды. Содан редактордан тапсырма алған соң «Шымкент қайдасың» деп, тарттық та кеттік. Одан әрі – Бөген...



Қажымұқан (1931ж.)

Темірланға келгенімде аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы Арапбек Мұсаев мұнда Мұханды көрген, кездескен екі адамның бар екенін айтты. Оның біріншісі – Көпжасар Серданов деген кісі екен.



Жазушының «Өскен өркен» романында Ержанов болып суреттелетін ол ағамыз мұнда аудандық ауыл шаруашылығы басқармасының бастығы қызметін атқаратын болып шықты. Ал екіншісі, атақты Қажымұқан балуанның зайыбы Мінәйім әже еді. Темірланға аялдаған сапарында Мұхаң сол кісіге барып, арнайы сәлемдесіпті. Мінәйім апамыз бұл күндері осы село іргесіндегі «Ленин туы» бөлімшесінде тұрады екен. Осыны айтқан Арапбек Мұсаұлы жаңағы өзі сөз еткен Көпжасар Сердановты шақыртып алды да, ол кісіні бізбен таныстырып, Қажекеңнің зайыбы Мінәйім әжейдің үйіне ертіп апарып, қайтуға өтініш білдірді.

«Ленинтуы» бөлімшесі Темірланнан онша алыс емес сияқты. Бұл жерді тіпті аталмыш селоның жапсарлас бөлігі десе де болады. Міне, осы елді мекеннің шеткі көшелеріне ілігіп, Қажекеңнің қарашаңырағына жақындағанымызда, ауладағы үлкен ағаштың көлеңкесінде ұршық иіріп отырған әже мен жантайып газет оқып жатқан орта жастағы кісіні көрдік.

– Анау отырған Мінәй әже, - деді бізге Көпжасар аға жүріп келе жатқан күйі ақырын ғана тіл қатып.
– Ал, төрдегі кісі Қажекеңнің немере інісі Есбол.

Кәріліктен белі бүгілген шүйкедей қарт ана бейсауат келген біздерді көріп, алғашында абдырап қалды. Шаруамыздың мән-жайына қаныққан соң ғана барып әңгімеге араласты.

– Балуанның бабасы Ернақ деген кісі екен,
– деді әжей қойған сұрағымызға байланысты




әлдебір жәйтті есіне түсіргендей болып. – Міне, сол атамыздан Мұңайтпас, Тәшім атты екі жігіт тарапты. Мұңайтпастан балуанның туғанын бәрінде жақсы білсеңдер керек. Ал, Тәшімнен Ескермес, одан мына отырған Есбол дүниеге келген. Мен сол Ескерместің құдай қосқан қосағы едім. Ол кісі отызыншы жылдардың ортасында марқұм болып кетті. Содан екі-үш жыл өткен соң Қараспандағы алтыбас қыпшақтың ақсақалдары Ташкен шаһарында жүрген балуанды осында шақыртты. Сөйтті де бұрынғы отағасымнан қалған балаларға бас-көз болады деп әмеңгерлік жолымен мені Қажы аталарыңа қосқан еді.

Әжеден кейін сөзге араласқан Есбол ағаның айтуына қарағанда, бұл жағдай 1938 жылы болған екен. Содан бір жылдан кейін Қажекең Мінәйім анамыздан Айдархан есімді перзент көреді. «Мамандығы дәрігер ол бауырымыз қазір Кентауда тұрады. Екі баласы бар, үйлі-баранды жан», – деді Есекең бұл туысы туралы бізге.

– Қажымұқан атамыз өмірде қандай адам еді, әже? Бұл туралы есіңізде сақталып қалған жәйттер бар ма?– дедік біз жоғарыдағы әңгімеден кейін Мінәйім анамызды қайтадан сөзге тартып.

– Балуанға мені қосқанда ол кісі 66-67 жастар шамасында болатын, – деді жоғарыдағы сұраққа әжей. – Тұрмысымыз орташадан аспады. Құбатөбел тірлік кештік. Төңірегімізде де шайқап ішіп, шалқып басқан ешкім жоқ болатын. Өйткені ол кезде жағдайдың өзі солай еді. Аталарың



Қажымұқанның киген киімдері және тұтынған бұйымдары (Оңтүстік Қазақстан облысы, Қажымұқан мұражайы).

осындай жоқшылық пен жетімсіздіктің бәріне төзімділікпен қарады. Үндемейтін. Бала сияқты еді, жарықтық. Тез өкпелеп, тез жадырайтын.



Және де өзі құстамақ болатын. Жасының ұлғайғандығына байланысты ма, соншалықты алып денесіне қарамай, алдындағы асты шұқып-шұқып қана жеп, тез тойып қалатын. Есімде анық сақталып қалғандары міне, осылар, қарақтарым. Қалғандары ойыма түспей тұр...

– Қазір жасыңыз нешеде?

– 83-темін.

– Қайда туып, өсіп едіңіз?

– Осы жерде де... Мына бұрынғы Қызылқұм ауданында Шілік деген жер бар. Сол ауылдағы құлан қыпшақтардың қызымын.

– Кезінде сізді жазушы Мұхтар Әуезов іздеп келіп, әңгімелескен дейді. Сол жүздесу жөнінде қазір бізге не айта аласыз?

– Иә, қай жылы екені есімде жоқ, мұнда ондай үлкен кісінің болғаны рас. Күз еді. Күн желкемдеу болатын. Қонақтар үйге кіріп, дәм татқаннан кейін балуанның қабірі басына барып тәу етеміз деп кеткен. Қайтарында ол кісі жанындағы басшыларға қатты ренжіп келді. Жазушының «Осы өңірде арыс азаматтарымызды қадірлемеушілік бар ма деп ойлаймын. Кеше Елтайға (ҚазЦИК-тің төрағасы – Ж.Ә.) салған ескерткішті көрдік. Оны ескерерлік ескерткіш деп кім айтады? Топырақ үйіп, ағаш қадапты. Қажымұқан зиратының жайы мынадай. Неткен күйкі көрініс бұл» – деген сөзі есімде қалыпты, - деді әжей баяу үнмен.

Мінәй апаның бұл сөздеріне түсініктеме берген Есбол ағаның сөзіне қарағанда, қайтыс болғанына әлденеше жыл өтсе де басына



белгі қойылмай, қабірі жермен-жексен болып кеткен атақты балуанның зиратының аянышты халіне қатты күйінген Мұхаң бұл мәселені аяқсыз қалдырмаған. Алматыға оралысымен «Социалистік Қазақстан» газетіне мақала жазып, Жоғары Кеңестің Оңтүстік Қазақстаннан сайланған депутаты ретінде кіретін жерге кірген. Балуанның басына күмбез орнаттыру жөнінде республика Мәдениет министрлігіне хат жазып, шара қабылдаптырған. Қазіргі тұрған еңсели мазар соның нәтижесі екен. Содан кейін барып облыстық, аудандық атқару комитеттері де өздерінше тірлік істей бастапты. Ол – Бөген ауданының Темірлан селосындағы орта мектепке Қажекеңнің атының берілуі және осы жерден күш атасының өмір жолын баяндайтын арнайы мұражай ұйымдастырылуы.

Біз әр нәрсені сұрап, Мінәй әже жанында осылайша біраз отырдық. Бір мезетте жолбасшымыз Көпжасар аға Қажекеңнің қабірі басына барып, тәу етіп қайтуға ұсыныс жасады. Зират осы отырған үйден онша қашық емес екен. Небары 300 метрдей ғана жер. Мінәй әже мен Есбол ағаны алып, солай қарай беттедік. Қазақтың көп бейіттерінен айырмашылығы жоқ ескі қорым. Ортада балуан атаның мәңгілікке дамылдап жатқан күмбезді мазары тұр. Тізе бүктік. Есбол аға құран оқыды. Бетімізді сипап, орнымыздан тұра бергенімізде қасымызда еріп жүрген аудандық газеттің елгезек фототілшісі сырт еткізіп суретке түсіргені есімде. Кейін ол оны почтамен редакцияға салып жіберіпті.



Р.С. Сол сапардан соң да Темірландағы «Ленин туы» бөлімшесіне жолым түсіп, ондағы Қажекең жатқан топыраққа табанымның екі рет тигені бар. 1980 жылғы сапарымда Мінәйім әжені көре алмадым. Қайтыс болыпты, жарықтық. Ал, 1995 жылы барғанымда Есбол ағаға жолықтым. Екеуміз сол баяғыдай балуан ата басына бардық. Ол кісі сол баяғыдай Қажекеңе бағыштап құран оқып берді. Содан соң қауқылдай қоштасты. Қартайып қалыпты. Уақыт деген осы да...

Қажымұқан мен Қажытай.

Атақты Қажымұқан балуанның Ұлы Отан соғысы жылдарында өзінің жинаған қаржысын әскери ұшақ жасату үшін жалпыхалықтық қорға қосқанын елдің бәрі жақсы біледі. Бұл туралы оқулықтар мен энциклопедияларда, жазушы С. Бақбергеновтің «Он үшінші ойыншы» кітабына кірген «Самолет қанша тұрады?» атты деректі әңгімесінде жеткілікті айтылған. Ал балуан қаржысына жасалған сол ұшақтың жүргізушісі Қажытай Шалабаев ше? Ол туралы біз не білеміз?

Қажекең қаржысына жасалған әскери ұшақты майдан даласында қабылдап алған ұшқыш Қажытай Шалабаевпен мен ең алғаш 1984 жылы қаңтарда Семей қаласында ақын Мерғали Ибраевтың таныстыруымен кездескен едім. Кейін 1989 және 1991 жылдары ол кісімен екінші және үшінші рет жүздесіп, «Қазақтелефильмнің» тапсырмасы бойынша кинорежиссер Тыныбек



Танин екеуміз деректі фильм жасап шығардық. Есімде қалғаны – даңқты ұшқыштың үйі Семейдегі Ф.М.Достоевский мұражайының жанындағы былайғы ел «Рамазановтың үйі» деп атап кеткен төрт қабатты мекен-жайдың шеткі подъезінде болатын. Қажытай ағаның ол кезде облыстық аэропорттағы істеп жүрген жұмысынан зейнеткерлікке жаңадан шыққан кезі еді. Өмірдің ыстық-суығынан өтіп ысылған, ұлын ұяға, қызын қияға қондырып, сыйлы ақсақал атанған ол кісінің әңгімелерінен балалық шағы, соғыс жылдарындағы бастан өткергендері, Қажекең жіберген әскери ұшақты қабылдап алып, кейін атақты балуанмен қалай кездескені жөнінде мен төмендегі жайларды ұқтым.

Ол кісі 1922 жылы сол Семей қаласында туған. Бір жасқа келгенде әкесі көз жұмады да, анасының тәрбиелеуімен жеті жылдық мектепті бітіріп, содан соң былғары зауытында тері сұрыптаушы болып еңбек жолын бастайды. Осы жерде жүргенде қазақ жастарынан ұшқыштар дайындау керек деген комсомолдық ұранмен 1940 жылы Ақтөбе қаласындағы әскери әуе училищесіне жіберіледі.

– Алғашқы оқу жылында көп нәрсені үйрендік, көп нәрсені меңгердік, – деген болатын сонда әңгіме иесі. – Сегіз ай ішінде жаттығу ұшағын бөлшектеп, оны қайтадан құрастыра алатын дәрежеге жеттік. Содан кейінгі екі айда парашютпен секіруге машықтандық. Жыл толғанда Ақтөбе аспанында темір сұңқармен



қалықтадық. Оқуымызды бітіріп, тезірек бейбіт еңбекке, тірлікке араласқымыз келетін. Бірақ, бұл ойымыздың шырқын соғыс бұзды ғой. 1941 жылдың жаз, күз айларында жаттығу алаңындағы жұмысымыз қиындап кетті. Күніне 12-14 сағат оқимыз, аэродромнан шықпаймыз. Ақыры оқу бағдарламасы да бітіп, өзіммен бірге оқитын 70 курсанттың ішінен мен және тағы бес жігіт сарапшылар комиссиясының шешімімен Солтүстік Кавказдағы истребитель ұшқыштарын даярлайтын арнаулы мектепке жіберілдік. Тағы да оқу... Жаттығу... Содан қойшы, бұл жерден 1942 жылдың қысында Ленинград майданы бағытындағы әуе армиясының 184-дивизиясындағы 701- ұшқыштар полкына жол-дама алдық.

– Қажымұқан бабамыз жасатқан ұшақ майданға қалай келді? Ол сізге не үшін және қандай жағдайға байланысты табыс етілген еді?

– 1944 жылдың желтоқсанының аяғы болатын. Кезекті тапсырманы орындап, жертөлеге кірген бетіміз еді. Жолдастарым түнгі ұйқыға бас қойды. Мен ағаш сәкіде ары аунап, бері аунап мазасызданғаннан соң далаға темекі тартуға шықтым. Осы мезетте есік алдына «полуторка» машинасы келіп тоқтады. Одан түскен екі адам күзетшімен күңкілдесе сөйлесіп болған соң маған қарай беттеді.

– Аға лейтенант Шалабаевсыз ба? Сізді полк штабына алып кетуге келдік. Жиналыңыз, – деді біреуі.



– Неге?

– Бұйрық солай.

Содан бір жарым сағат өткен соң мен полк штабына жетіп, полковник Семеновтың қабылдауында отырдым.

– Қане, Шалабаев, биле! Саған ауылдағы атаңнан сыйлық келді. Ол кісі өз қаржысына әскери ұшақ жасатып, біздің армияға жіберіпті. Киімдеріңді ретке келтір, орден-медаліңді тақ, – деді командирім қуақылана күліп.

– Түсінбей тұрмын, жолдас полковник. Маған сыйлық жіберген кім? Семейде тұратын жалғыз шешемнен басқа ешкімім жоқ. Қайдағы, қандай ата ол?

– Ондай сөзді қой. Артыңда Қазақстан секілді елің барда сен қайдан жалғыз боласың? Одан да жолға дайындал.

...Сол күні түстен кейін біздің полктан 15 шақырым жердегі дивизия штабының маңында үлкен митинг болды. Сөз алған командирдің бірі ел алдында тұрып, төмендегідей бұйрықты оқыды. «Күрестен Әлемнің бірнеше дүркін чемпионы, бауырлас қазақ халқының батыр ұлы, есімі Отанымыздың мақтанышына айналған Қажымұқан Мұңайтпасовтың аталық тілегін Жоғары Бас қолбасшы қабыл алды. Оның өз қаржысына жасатқан әскери әуе машинасы бұйрық бойынша, армиядағы ең таңдаулы ұшқыш, аға лейтенант, даңқты балуанның жерлесі Қажытай Шалабаевқа тапсырылады!»



Мына сөзді естігенде жүрегім аттай тулап қоя берді. Атым аталғанда буындарым сәл-пәл дірілдей мінбеге көтерілдім. Көрсетілген сенімге рахмет айтып, тапсырылғалы отырған әскери машинаны әрдайым жауынгерлік дайындықта ұстауға, Жеңіс күніне дейін оны көзімнің қарашығындай сақтауға уәде бердім. Содан соң аэродромға беттедік. Ұшу алаңының ортасына келгенде басқалардан оқшау тұрған су жаңа ұшақты көзім шалды. «Қазан қаласынан әкелінді, бұл жерде тұрғанына бүгін үшінші күн», – деп түсінік берді аэродром коменданты. Сөйтті де әскери машина үстіндегі брезент жапқышты сыпырғанда, оның бүйірінен бәріміз: «Летчику – қазаху, от Хаджи-Мухана», – деген жазуды оқыдық.

– Қажекең жіберген осы әскери ұшақпен қанша әуе шайқасына қатыстыңыз?

– Мен, қарағым, соғыс жылдарында аспанға 217 рет көтеріліп, түрлі әскери тапсырмалар мен операцияларды орындаған жанмын. Соның 70-ке жуығы өзіміз сөз етіп отырған осы әскери машинаның еншісіне тиеді. Бірден сәртке беріктік таныттым. Балуан бабаның маған берген ұшағы Жеңіс күніне аман-сау жетті.

Осыдан кейін біз үй иесінен аталмыш ұшақтың кейінгі тағдыры, Қажытай ағаның осы темір қанат әуе кемесімен қай жерде қоштасқаны және оның Қажекеңмен қалай кездескені туралы сұрағанбыз.